# Венчурлік капиталдың инвестициялық бағдарламасы (VCIP) II

Орналастыру:
Өңірлік

Жоба нөмірі:
50118

Қызмет ету саласы:
Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар

Хабарлама типі:
Жеке

Экологиялық санаты:
FW

Комиссия отырысының жоспарланған күні:
2018 ж. 23 мамыр

Мәртебесі:
**Эксперименттік әзірлеме**

Ағылшын тіліндегі жоба түйіндемесін ашу күні:
2018 ж. 24 сәуір

## Жобаның сипаттамасы

Өзінің II Венчурлік капиталдың инвестициялық бағдарламасы шеңберінде (ЕҚДБ, VCIP бағдарламасының жалғасы болып табылатын және 100 млн.еуро сомасына арнайы негіздемелік кредиттік бағдарлама болып табылатын VCIP II) ЕҚДБ венчурлік капиталдың тәжірибелі бірлескен инвесторларымен бірге Банк операциялары елдерінде қор активтеріне байланыстыра отырып, (инвестициялар көлемі 15 млн.еуроға дейін) қор активтері мен қаржы құралдары арқылы бастаушы және дамушы технологиялық компанияларды инвестициялайтын болады. Инвестициялар нарықтағы венчурлік капиталдың «тапшылығын» жабуға көмектесу үшін жауапкершілігі шектеулі венчурлік капитал қоғамдастығы негізінен қызмет көрсетпейтін инновациялық және тез өсіп келе жатқан шағын және орта компанияларға бағдарланған.

# Жобаның мақсаты

i) VCIP Банкке Өңірдегі білім экономикасын ынталандыруға, технологиялық экожүйелерді дамытуға және инновацияларды қолдауға мүмкіндік береді; ii) VCIP пайдалана отырып, Банк Өңірде бар Венчурлік капиталды қаржыландыру тапшылығын жоюда маңызды рөл атқарады; iii) VCIP Банкке тәуекел деңгейі барынша жоғары/кірістілігі барынша жоғары инвестициялық мүмкіндіктерге портфельдік тәсілді қолдауға мүмкіндік береді.

# Өту процесіне әсері

VCIP II бағдарламасы ауысу процесінің Бәсекелестік және тұрақты сипаттамаларын дамытуға ықпал етеді деп күтілуде, өйткені ол жақында құрылған жоғары инновациялық технологиялық компаниялардың өсуін қолдайтын болады, сондай-ақ ЕҚДБ өңірінде әлі де қалыптасу сатысында тұрған венчурлік капиталға ең жақсы қол жеткізуді қамтамасыз етеді. VCIP II бағдарламасы VCIP I бірінші бағдарламасының жетістігіне сүйенетін болады және ЕҚДБ-ның Білім экономикасы саласындағы бастамасына сәйкес ЕҚДБ өңірінде білім экономикасын дамыту үшін, атап айтқанда, 3-Шағын технологиялық компаниялар ағыны үшін түйінді қолдауды қамтамасыз етеді.

# Клиент туралы ақпарат

Нақты жағдайға байланысты.

# ЕҚДБ қаржылық ақпаратына шолу

100,000,000.00 еуро

# Жобаның жалпы құны

100,000,000.00 еуро

## Экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша түйіндеме

Бағдарламаның өзі Банктің 2014 жылғы Экологиялық және әлеуметтік саясатының қандай да бір санатына жатпайды, алайда әрбір кіші жоба әрбір нақты жағдай бойынша жіктеледі және жоба мен клиентке байланысты жеке Экологиялық және әлеуметтік аудитке (ESDD) және геологиялық-экономикалық талдауға жатады. Кіші жоба санатына сүйене отырып, әрбір кіші жоба Банктің Жобаны іске асыруға қоятын талаптарына сәйкес құрылымдағанын растау мақсатында тиісті Экологиялық және әлеуметтік аудит жүргізілетін болады.

# Техникалық ынтымақтастық

Жоқ.

## Компанияның байланыс ақпараты

Бахром Ибрагимов
02073386000

## Жобаларға қатысудың мүмкіндіктері

Жобаға немесе сатып алуларға қатысу мәселесі бойынша компания-клиентке жүгінуіңізді өтінеміз.

Мемлекеттік сектордағы жобалар бойынша EBRD Procurement бөлімін қараңыз:
Тел. +44 20 7338 6794
эл. пошта: procurement@ebrd.com

## Жалпы анықтамалар

Сатып алуды жүзеге асырумен байланысты емес ЕҚДБ жобалары бойынша анықтамалар:
Тел.: +44 20 7338 7168; эл.пошта: projectenquiries@ebrd.com

## Жұртшылықты хабардар ету қағидаттары (ЖХЕҚ)

ЖХЕҚ ЕҚДБ стратегияларын, саясатын және операциялық қызметін тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу үшін ЕҚДБ-де белгіленген ақпаратты ашу және мүдделі тараптармен кеңесулер жүргізу тәртібін анықтайды. Директорлар кеңесіне ұсынылатын мемлекеттік сектордағы жобалар бойынша баяндамаларды алу тәртібін «Жұртшылықты хабардар ету қағидаттары» парақшасына сілтеме бойынша өтіп білуге болады.

ЖХЕҚ мәтіні

## Жобалармен байланысты шағымдарды қарау жөніндегі орган (ШҚО)

Жобалармен байланысты шағымдарды қарау жөніндегі орган (ШҚО) ЕҚДБ қызметінің есептілігін қамтамасыз ететін механизм болып табылады. Ол өтінішкерлердің пікірінше экологиялық және/немесе әлеуметтік зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деген, Банкпен қаржыландырылатын жобаларға қатысты жеке тұлғалар мен ұйымдардан келіп түсетін шағымдарды тәуелсіз қарауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Шағым беру туралы ақпаратты Жобалармен байланысты шағымдарды қарау жөніндегі орган сайтының парақшасынан қараңыз. ШҚО рәсімінің ережелеріне сәйкес, шағым беруге және оларды тіркеумен олардың тиімділігін мойындауға қойылатын талаптарға қатысты өзіңіздің кез-келген сұрақтарыңызға жауап алу

үшін келесі мекенжай бойынша ШҚО уәкіліне жүгінсеңіз болады: (pcm@ebrd.com)